

# БАНК САЛАСЫНДАҒЫ АУДАРМА

Орындаған: Акмурзаева.К  
401 -топ

# Жоспар:

---

Кіріспе

- “Trados” аударма программасы
  - Банк саласындағы аударма ерекшеліктері
  - Банктік терминдерді аударуда кездесетін негізгі қиындықтар
- Қорытынды

## Кіріспе:

---

- Мен, өндірістік тәжірибені “We translate” аударма компаниясында өттім. Компания, Алматы және Атырау қалаларында кәсіби аударма қызметін көрсететін ең үздік компаниялардың бірі. Өз жұмысын 2012 жылдан бері табысты жүргізіп келе жатқан компания, бүгінде көптеген жеке және заңды тұлғаларға аударма қызметін көрсетеді.

## “Trados” аударма программасы

- “Trados” 1992 жылы, алғаш рет неміс компаниясы ойлап тапқан автоматтандырылған аударма жүйесі. Аударма жады жүйесіндегі әлемдік көшбасшылардың бірі болып табылады. Бұл бағдарламаның әртүрлі форматтағы мәтіндерді аударуға арналған үлгілері бар. Соңғы үлгісі, SDL Trados 2015 деп аталады.

# Негізгі артықшылықтары:

---

- Аударманы барынша жылдамдатады;
- Өзіндік Жад жүйесі бар;
- Әртүрлі форматтағы мәтіндерше аударма жасайды;
- Импорттау функциясы арқылы, бір мәтін бойынша екі немесе бірнеше аудармашының жұмыс жасауына мүмкіндік жасайды;
- Мәтін қанша символды, сөзді құрайтынын көрсетеді;

# Банк саласындағы аударма ерекшеліктері

- Жалпы банк саласындағы аударма деп, бухгалтерлік есеп және аудит бойынша құжаттар (шот-фактуралар, баланстар, жылдық есептер, түсім мен шығындар туралы есептер, тексеру комиссияларының есептері, аудиторлық қорытындылар); банк құжаттамасы (үзінді-көшірмелер, төлем тапсырмалары, несиелік өтініштер, несиелік келісімшарттар, лизингтер, ипотека, қарыз келісімшарттары, актілер, банктік кепілдіктер); қаржылық құжаттар (қаржылық-талдау есептері, салықтық есептер, валюта және құнды қағаздармен, биржалық қызметпен байланысты құжаттар) және т.б көптеген құжаттарды ауызша және жазбаша аударуды айтамыз.

---

Құрылымы өте кең әрі ауқымды болғандықтан, қаржылық және экономикалық аударма терминологиясы қиындығымен сипатталады, сондықтан бұл аудармаға кез-келген аудармашы кірісе бермейді.

Осыған байланысты банк саласындағы аударманың мынадай негізгі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- 
- Ауқымы өте кең әрі күрделі
  - Көбінесе ақша және қаржы ресурстарымен байланысты болғандықтан, экономикалық терминдермен тұспа тұс келеді.
  - өзіндік қолданылатын қалыпты стилі, термині, мәтіндік құрылымы бар
  - көп салалы білімді қажет ететіндіктен, бұған білікті кәсіби маман ретінде бейімделген жөн.



# Банктік терминдерді аударуда кездесетін негізгі қиындықтар:

---

- аудармашы банктік терминдерді, қысқартуларды және сөз тіркестерін мәтін мағынасы сәйкестендіріп, дәлме-дәл аударма жасай білуі керек;
- Банктік терминдерді аудару барысында көбінесе шешуші сөзге мән берген дұрыс;
- белгілі бір терминді аударуда екі ойлы болу, аялық білімнің жеткіліксіздігі;
- британ және американдық нұсқадағы сөздердің және сөз тіркестерінің жиі кездесуі;

## Қорытынды:

---

- Қорытындылай келе, экономикалық, оның ішіндегі банктік терминдерді аудару аудармашыдан кәсіби біліктілікті, тапқырлықты және тиянақтылықты қажет етеді. Сондықтан да, бүгінгі таңда, экономика саласындағы аудармаларды зерттеу – маңызды және өзекті тапсырма.

---

Назарларыңызға рахмет!!!